

Т.Б. Тәжібаев , **А.К. Кулымбаева** , **М.Б. Уакасова*** 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: uakasova-meruert@mail.ru

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИНІҢ ӘСЕРІ

Мақалада тұлғаның көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің өзара байланыстылығын зерттеу деректері келтірілген. Зерттеу негізінде жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына тигізетін эмоциялық интеллектінің әсерін анықтау зерттеудің мақсаты етіп қойылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде Дж. Мак-Грегордің көшбасшылық теориясын, Д. Гулманның эмоциялық интеллекті моделін, Л.С. Выготскийдің интеллекті мен аффектінің бірлігі жөніндегі идеясын және т.б. теориялық қағидаларды басшылыққа алынған. Мақалада жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары эмоциялық интеллектімен тығыз байланысты болып келетін топты басқару мен ұйымдастыру қабілеті ретінде қарастырылған. Алға қойған мақсатқа қол жеткізуде, қажетті мінез-құлық пен іс-әрекетке қалай әсер ететіндігі жөніндегі көшбасшылық сапалардың рөлі анықталады. Мұнда зерттеу міндеті ретінде эмоциялық интеллектінің құрылымдық элементтеріне сай келетін көшбасшылық сапалардың екі түрі: тұлғалық және іскерлік сапалар бөліп шығарылады. Көшбасшылық әлеуеттің көрінуі мен оның топтық іс-әрекетті ұйымдастырудағы тиімділігі айтылған. Зерттеу барысында «Мен – көшбасшымын» әдісі, «Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні диагностикалайтын» әдісі алынып, нәтижелері талданған. Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллекті арасындағы маңызды байланыстардың корреляция коэффициенті есептеліп шығарылып, арнайы ұйымдастырылған топтық оқытуға дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі эксперименттік зерттеудің нәтижелеріне сандық талдаулар жасайды. Олардың дәлдігін көрсету үшін математикалық статистиканың әдістерін қолданады.

Зерттеудің практикалық мәні ретінде, оның нәтижелері жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын одан әрі тереңірек зерттеуге, сондай-ақ оны оқыту процесінде дамытудың әдістемелік құралдарын дайындауға негіз бола алатындығы айтылады.

Түйін сөздер: көшбасшылық сапалар, эмоциялық интеллекті, аффективті және интеллектуалды процестердің бірлігі, шкалалардың көрсеткіштері, корреляция коэффициенті, өзгерістердің сенімділі, критикалық мәндер.

T.B. Tajibaev, A.K. Kulymbaeva, M.B. Uakasova*

Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: uakasova-meruert@mail.ru

The influence of emotional intelligence on the formation of leadership qualities of high school students

The article presents the data of the study of the relationship between leadership qualities and emotional intelligence of the individual. The purpose of the presented research is to identify the influence of emotional intelligence on the formation of leadership qualities of high school students. The theoretical and methodological foundations of the research are based on the concept of McGregor's theory of leadership, D. Gulman's model of emotional intelligence, L. S. Vygotsky's ideas about the unity of intelligence and affect. The analysis of the emotional intelligence model of Salovey et al. is also carried out. The article examines the leadership qualities of high school students as the ability to manage and organize a group, which is closely related to emotional intelligence. The role of leadership qualities is determined and how they influence behavior and actions when achieving goals. As a research task, two types of leadership qualities are identified here that correspond to the structural elements of emotional intelligence: personal and business qualities. The expression of leadership potential and its effectiveness in the organization of group activities are considered. In the course of the study, the methods "I am a leader", "Diagnostics of N. Hall's emotional intelligence" were used and an analysis of the results was provided. The correlation coefficient of significant connections between leadership qualities and emotional intelligence of high school students is calculated, a quantitative analysis of the results of an experimental study before and after specially organized group training is performed. The results of math-

emational statistics are presented with a demonstration of their accuracy. As a practical significance of the study, it is noted that its results can serve as a basis for further in-depth study of leadership qualities of high school students, as well as the preparation of methodological manuals for its development in the learning process.

Key words: leadership qualities, emotional intelligence, unity of affective and intellectual processes, scale indicators, correlation coefficient, reliability of changes, critical values.

Т.Б. Тажібаев, А.К. Кулымбаев, М.Б. Уакасова*

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: uakasova-meruert@mail.ru

Влияние эмоционального интеллекта на формирование лидерских качеств старшеклассников

В статье представлены данные исследования взаимосвязи лидерских качеств и эмоционального интеллекта личности. Целью представленного исследования является выявление влияния эмоционального интеллекта на формирование лидерских качеств старшеклассников. Теоретико-методологические основы исследования базируются на концепции теории лидерства Мак-Грегора, модели эмоционального интеллекта Д. Гулмана, идеи Л. С. Выготского о единстве интеллекта и аффекта. Также проводится анализ модели эмоционального интеллекта Саловея и др. В статье рассматриваются лидерские качества старшеклассников как способность управлять и организовывать группу, которая тесно связана с эмоциональным интеллектом. Определяется роль лидерских качеств и как они влияют на поведение и действия, при достижении поставленных целей. В качестве исследовательской задачи здесь выделены два типа лидерских качеств, отвечающих структурным элементам эмоционального интеллекта: личностные и деловые качества. Рассматривается выраженность лидерского потенциала и его эффективность в организации групповой деятельности. В ходе исследования были использованы методы «Я – лидер», «Диагностика эмоционального интеллекта Н. Холла» и предоставлен анализ результатов, рассчитан коэффициент корреляции значимых связей между лидерскими качествами и эмоциональным интеллектом старшеклассников, произведен количественный анализ результатов экспериментального исследования до и после специально организованного группового обучения. Приведены результаты математической статистики с демонстрацией их точности. В качестве практического значения исследования отмечается, что его результаты могут служить основой для дальнейшего углубленного изучения лидерских качеств старшеклассников, а также подготовки методических пособий по его развитию в процессе обучения.

Ключевые слова: лидерские качества, эмоциональный интеллект, единство аффективных и интеллектуальных процессов, показатели шкал, коэффициент корреляции, достоверность изменений, критические значения.

Кіріспе

Тақырыпты таңдап алуды негіздеу; тақырыптың өзектілігі. Топтың бірлескен іс-әрекеті мен ондағы өзара әрекеттестікті реттеуде басты рөл атқаратын, маңызды әрі төтенше жағдайларда жауапты шешім қабылдап, оны өз мойнына алатын жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын зерттеу қазіргі кезде маңызды мәселелер қатарына жатады. Өйткені, топқа көшбасшылық ету ықпалды адамнан өзіне деген сенімділік, көпшілдік, тәртіптілік, мақсатқа талпынушылық, жауапкершілік, шешімге келгіштік секілді тұлғаға тән сапаларды талап етеді. Топтық мүддені қорғау, оларды игі істерді атқаруға жұмылдыра білу, оның барлық мүшелеріне қолдау көрсету, көпшілікті мотивациялау, топқа жаңалықтар енгізу көшбасшылардың негізгі қызметі болып табылады. Бұл үшін топтың

көшбасшысына өз эмоциясы мен топтың өзге мүшелерінің эмоциялық күйлерін түсініп, танып білуге, сонымен қатар күрделі міндеттерді шешу кезінде өз эмоциясы мен өзгелердің эмоциялық күйлерін реттеп, басқара білуге мүмкіндік беретін эмоциялық интеллекті қажет болады. Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің байланыстылығын зерттеу бірнеше себептермен байланысты.

Бұл біріншіден, бүгінгі күннің басты психологиялық мәселесіне айналып отырған адам үшін әлеуметтік жағдайдың тым күрделенуі, адамдар арасындағы түсінбестік пен бәсекелестіктің артуы, стрессогендік және эмоциогендік факторлардың көбеюі мен оның тікелей нәтижесі ретінде көрінетін адамдағы түрлі өкініштер мен депрессиялық күй кешу, денсаулықтың бұзылуы, өмірден түңілу секілді осы күнгі

қоғамдық тұрмыста кездесетін психологиялық құбылыстардың алын-алу, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын эмоциялық интеллектімен бірлікте қарастыруды қажет етеді. Екіншіден, қазіргі кездегі көптеген адамдардың өзі мен өзгелердің эмоциялық күйін жеткілікті түрде тани білмеуі мен оларды жете бағалай алмауының салдары, олардың шыдымдылық қасиетінің бірден төмендеуіне алып келеді. Үшіншіден, тұлғаның эмоциялық шеңберінің жеткілікті деңгейде дамуы, олардың әлеуметтік тәжірибені табысты меңгеруі мен оны белсенді іске асыруына, әлеуметтенуіне, белгілі бір ортада өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Әсіресе, еліміздің ақпараттық-сандық дамуында қоғамның өндіргіш күші болып табылатын тұлға мүмкіндіктерін жан-жақты жетілдірумен, оның электронды жүйелермен өзара әрекеттестігін психологиялық зерттеудегі қоғамдық қажеттіліктің барынша артуы, шығармашылық пен ұжымдық еңбектегі бірлескен іс-әрекетті жетілдіру, топты басқарудың тиімді жолдарын іздеу секілді көптеген күрделі мәселелерді шешу, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің өзара байланыстылығын тереңірек зерттеуді қажет етеді. Мұның өзі жоғарғы сынып оқушыларының бойына болашақта өз еліне адал қызмет етіп, оны қорғай алатын, қоғам талаптарына сай жан-жақты дамыған тұлғалық сапаларын оқу іс-әрекетінде қалыптастыруды талап етеді. Соңғы жағдай жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектін оқыту процесінде дамытудың тиімді жолдарын ашып көрсетуде ерекше мәнге ие болып отыр. Осы жағынан алғанда, қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының эмоциялық интеллектімен байланыстылығын эксперименттік зерттеу мен оны дамытудың тиімді жолдарын іздеу психология ғылымында өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан, біз осы тақырыпты таңдап алдық.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде Дж. Мак-Грегор Бернстің көшбасшылық теориясы, Д. Гоулманның эмоциялық интеллекті моделіне негізделген көшбасшылық теориясы, Л.С. Выготскийдің интеллекті мен аффектінің бірлігі жөніндегі идеясы, Дж. Мэйер мен П. Сэловейдің эмоциялық интеллектінің тұжырымдамалық моделі мен теориялық қағидалары, Р. Бар-Онның эмоциялық интеллектін ің когнитивті емес теориясы басшылыққа алынды (Goleman, R. Boyatzis, A. McKee, 2004; Goleman, 1998; Выготский, 2021; Salovey, Mayer, Brackett,

2004; Bar-On, 1997). Топтың табысты болуы көбіне оны басқаратын тұлғаның көшбасшылық сапаларына тікелей байланысты. Себебі, кез келген топтық құбылыстар мен топ мүшелерінің іс-әрекеті көшбасшының өзара тығыз байланысты, әрі бір-бірін толықтыратын екі түрлі сапалардың: тұлғалық және іскерлік сапалардың жүйесімен реттеледі. Тұлғалық сапаларға көшбасшының өзін басқаларға үлгі ретінде көрсете алуына мүмкіндік беретін адамгершілік, адалдық, әділеттілік, мейрімділік, өзгені құрметтеу, оған сенім арту, ізеттілік секілді сапалары жатқса, оның іскерлік сапаларына еңбек сүйгіштік, мақсатқа талпынушылық, тәртіптілік, жауапкершілік, стресске төзімділік, креативтілік секілді сапалары жатады. Осы жағынан алғанда, көшбасшысының топты басқарудағы іс-әрекетінің тиімділігі, бір жағынан оның басқаларға ықпал ете алатын тұлғалық сапаларына байланысты болса, екінші жағынан, оларды белгілі бір істі атқаруға ұйымдастыра алу қабілетінен көрінетін іскерлік сапаларына да байланысты.

Көптеген отандық және шетелдік әдебиеттер мен дереккөздерге жүгенсек, ондағы ғалымдар тұлғаның көшбасшылық сапаларының қалыптасуына әлеуметтік және эмоциялық интеллектінің ерекше ықпал ететінін айтады (Андреева, 2003; Andreeva, 2011). S.J. Allen, R.F. Miguel және M.L. Shankman секілді ғалымдар көшбасшылық қабілеттер мен эмоциялық интеллекті құбылыстарын осыған дейін психологтар бір-бірінен тәуелсіз зерттеп, бір-бірінен бөлек қарастырып келгенін атап көрсетеді (Allen, Shankman, Miguel, 2012). Бұл ғалымдар көшбасшылық қабілеттер мен эмоциялық интеллекті бірін-бірі толықтыратын психологиялық құбылыстар болып табылатындықтан, оларды бірлікте зерттеу осы мәселемен айналысып жүрген зерттеушілер үшін де, тәжірибе жинақтаушы жас мамандар үшін де пайдалы деп санайды.

1990 жылдары тұлғаның көшбасшылығына әсер ететін жеке факторлардың ролін зерттеу көптеген шетел психологтарының қызығушылығын тудырды. С. Заккаро өз еңбегінде әлеуметтік интеллекті секілді тұлғалық сипаттардың болуы ашық динамикалық жүйелердегі көшбасшылықтың пайда болуының қажетті шарты болып табылады дейді (Zaccaro, 2001). Б. Басстың пікірінше топ мүшелерін шабыттандыру мен өзара әрекеттестік орнатуда әлеуметтік интеллекті маңызды рөл атқарады (Bass, 1985). Д. Гоулманның айтуынша әлеуметтік және эмоциялық интеллекті жоғары деңгейдегі көшбасшылар топтың басқа мүшелеріне қарағанда бол-

ған жағдайды тез ұғынып, оны шешудің тиімді жолдарын көре біледі, жылдам дұрыс шешім қабылдайды (Goleman, 1998). Әлеуметтік интеллекті көбіне адамдардың мінез-құлқын түсінуге, әлеуметтік құбылыстардың сырын танып білуге, адамдар арасындағы өзара әрекеттестікті тануға бағытталған болса, эмоциялық интеллекті адамның өзі мен басқа адамдардың эмоциялық күйін танып, реттей алуға, эмоциялық ақпараттарды өңдеуге бағытталады.

В.М. Мачнев, Е.И. Чердымова ғалымдардың әлеуметтік интеллекті туралы теориялары қазіргі эмоциялық интеллекті теориясының қалыптасуына негіз болғанын айтады (Мачнев, 2021). Осы ғалымдардың пікірінше әлеуметтік интеллекті мен эмоциялық интеллектіні біріктірген негізгі ұғым қарым-қатынас болып табылады. Қарым-қатынас процесінің коммуникативтік жағында адамдар өзара ақпараттар алмасып, бір-бірінің эмоциялық күйін танып біледі. Эмоциялық интеллектінің коммуникативтік әлеуеті адамдар арасындағы өзара әрекеттестікке қарағанда, оның мазмұны кең ауқымды түсініктерді, атап айтқанда өзара әрекеттестіктегі ақпараттарды алмасуды ғана емес, эмоциялық күйлерді бөлісу мен түсінуге, оларды өзара реттеуге бағытталған (Мещерякова, 2014). Сондықтан, қазіргі кездегі эмоциялық интеллекті түсінігі тұлға аралық қатынастардағы адамның өзі мен өзгелердің эмоциялық күйін тану мен реттей алу, сондай-ақ аса күрделі жағдайларды шешкенде өз эмоциясы мен өзгелердің эмоциялық күйлерін басқара білу қабілетіне қатысты айтылады. Эмоциялық интеллекті ұғымын ғылымға алғаш рет енгізген Дж. Мейер мен П. Сэловей, оны әлеуметтік интеллектінің құрамдас бөлігі ретінде анықтады. Дж. Мейер мен П. Сэловей 1990 жылы «эмоциялық интеллекті» терминін анықтауға қатысты мақала жазып, оны өлшеудің әдісін де ұсынған еді (Salovey, 1990). Олардың бұл мақаласында эмоциялық интеллекті түсінігі интеллектінің негізгі түрлерінің бірі ретінде анықталып, оны адамның интеллектуалдық қабілетімен теңестірілді. Бірақ олар адамның эмоциялық интеллектін, оның жалпы интеллектуалдық қабілетінен ерекшелетін негізгі айырмашылығын ашып көрсетпеді. Эмоциялық интеллектінің көшбасшылықтың тиімділігіне тигізетін әсері мен олардың өзара байланыстылығы Д. Джордждың еңбектерінде қарастырылды (George, 2000). Ол эмоциялық интеллекті мен басшылардың тиімді іс-әрекеті арасындағы байланыстарды зерттеп, менеджердің мінез-құлқының мазмұнын сипаттайтын бірқатар элементтерді бөліп шығарды.

Д. Джордждың бұл еңбегінде басшылардың топты басқарудағы іс-әрекетінің тиімділігі көбіне оның эмоциялық интеллектінің даму деңгейіне байланысты болатындығы анықталған. Оның айтуынша эмоциялық интеллекті дамуының жоғары деңгейі басшыларға өзінің қол астындағылардың жұмыс жағдайын жақсы түсінуге, қиыншылықтармен күресу үшін оларға сенім ұялатуға, адамдардың еңбекке деген құштарлығын арттыруға, жеке жетістіктерге жетуіне қолайлы жағдай туғызуға мүмкіндік береді. Осылайша жоғарыда аты аталған көптеген шетел ғалымдары топқа ықпал ететін көшбасшылардың іс-әрекетінің табыстылығы, олардың эмоциялық интеллектінің дамуымен байланысты болатындығын алға тартады.

Сонымен, Дж. Мейер, П. Сэловей секілді ғалымдар эмоциялық интеллектіні өз эмоциялары мен өзгелердің эмоцияларын ұғыну мен түсінуге мүмкіндік беретін әлеуметтік интеллектінің бір құрылымшасы ретінде қарастырса, Д. Гоулман оны эмоциялық құзыреттілік ретінде, ал Р.Бар-Он эмоциялық интеллектіні танымдық қабілет емес, адамның әртүрлі өмірлік жағдайларды жеңуіне мүмкіндік беретін барлық білімдер мен құзыреттіліктердің жиынтығы ретінде қарастырды (Salovey, Mayer, Brackett, 2004; Goleman, 1998; Bar-On, 1997). Дегенмен Дж. Мейер мен П. Сэловей дейтін ғалымдар ұсынып отырған эмоциялық интеллекті түсінігі отандық психология үшін жаңалық емес еді. Өйткені, отандық психологияда «аффекті мен интеллектінің бірлігі» жөніндегі ойды алғаш рет көтерген Л.С.Выготский болатын. Ол өзінің 1930 жылдары жазған еңбегінде аффективті мен интеллектуалды процесстерді бір-бірінен ажыратып бөліп қарауға болмайтынын айта отырып, «аффективті және интеллектуалды процесстердің бірлігін көрсететін динамикалық мағыналы жүйе бар», – деп жазды (Vygotskij, 2021). Кейін оның бұл идеясы А.Н.Леонтьевтің, С.Л. Рубинштейннің, А.Р.Лурияның еңбектерінде дамытылды. Отандық психологиядағы «эмоциялық интеллекті» түсінігінің ашылуы танымдық және аффективті процесстердің өзара байланыстылығы жөніндегі көзқарастардың дамуының нәтижесі болып табылады. Себебі, адам қандай да бір күрделі интеллектуалдық міндеттерді шешкен соң, өзіне көңілі толып, ерекше әсер алады. Мұның өзі адамның күрделі міндеттерді шешу кезіндегі іс-әрекет мотивының бекіп, қалыптасуының механизмі болып табылады. Сондықтан, адамның интеллектуалдық және эмоциялық процесстерінің бірлігі жөніндегі Л.С. Выготскийдің бұл ойы,

Дж. Мейер мен П. Сэловей ұсынған эмоциялық интеллекті түсінігін кеңірек ашып береді.

Сонымен, көшбасшының эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейде болуы, оған топтағы дербес адамдардың өзара әрекеттестігінің сипатын анықтауға, көшбасшы мен топ мүшелерінің ықпалдастығын нығайтуға мүмкіндік береді. Эмоциялық интеллекті көшбасшыға ұжымды жағымсыз көңіл-күйден арылтып, жағымды көңіл-күй сыйлауға, олардың іс-әрекетін қажетті бағытқа бағыттауға жағдай жасайды. Сондықтан, эмоциялық интеллектінің қандай құрамдас бөліктері көшбасшылық сапаларды қалыптастыруға оң әсерін тигізетінін зерттеу психологияда маңызды болып табылады. Д. Гоулман өзінің «Эмоциялық көшбасшы» атты еңбегінде эмоциялық интеллектінің құрылымына сай келетін көшбасшылық қабілеттердің моделін ұсынды (Goleman, 2004). Бұнда адамның өзін-өзі басқару қабілетін анықтайтын тұлғалық дағдылар мен оның басқалармен қатынасын басқару қабілетін анықтайтын әлеуметтік дағдылардың жиынтығы келтіріледі. Адамның өзін-өзі басқару қабілетін анықтайтын тұлғалық дағдыларға ол мыналарды жатқызады:

1. Өзіндік сана, яғни бұл қабілет адамның өзіндік санасын қалай басқаратындығына жауап береді. Оған эмоциялық өзіндік сананы құрайтын:

- Адамның өз эмоцияларын талдауы мен оның әсерін саналы түрде ұғыну. Шешім қабылдау кезінде өзінің ішкі түйсігін пайдалану;

- Өзін-өзі дәлме-дәл бағалау: өз басының күшті жақтары мен өз мүмкіндігінің шегін түсіну;

- Өзіне деген сенімдік: өзінің қадір-қасиетін сезіну мен өз дарынын дұрыс бағалау жатады.

2. Өзін-өзі бақылау:

- Эмоцияларын тежей білу: қарқындар мен талқандаушы эмоцияларды бақылай білу;

- Ашықтық: адалдық пен турашылдық таныта білу; сенімділік жатады;

- Бейімделгіштік: өзгермелі жағдайларға икемді бейімделу мен кедергілерді жеңе білу жатады;

- Жеңіске деген ерік-жігер: ішкі сапа стандартына сай келу үшін өнімділікті жақсартуға деген ұмтылыс;

- Бастамашылық: белсенді әрекет етуге дайын тұру және мүмкіндікті жіберіп алмау ептілігі;

- Оптимизм: заттарға оң көзқараспен қарау ептілігі.

Ал адамның басқалармен қатынасын басқару қабілетін анықтайтын әлеуметтік дағдыларға Д. Гоулман мыналарды жатқызады:

1. Әлеуметтік сезімталдық:

- Басқалардың қайғысына ортақтаса білу: басқа адамның сезімдерін тыңдай білу, олардың ұстанымын түсіну мен олардың мәселелеріне жанашырлықпен қараудың белсенді көрінісі;

- Іскерлік хабардарлық: ағымдағы оқиғаларды, жауапкершілік иерархиясы мен ұйымдық деңгейдегі саясаттарды түсіну;

- Алдын алушылық: клиенттердің, сатып алушылардың, қол астындағыларының қажеттіліктерін қанағаттандыру мен тану қабілеті.

2. Қатынастарды басқару:

- Жігерлендіру: болашақтың әсерлі бейнесін сала отырып, өзін-өзі ұстай білу;

- Әсер ету: бірқатар нандыру тактикаларына ие болу;

- Өзін-өзі жетілдіруге көмектесу: пікірлер мен нұсқау айту арқылы басқа адамдардың қабілеттерін дамытуға ынталандыру;

- Өзгерістерге ықпал ету: өзгерте бастау қабілеті, басқару әдістерін жетілдіру мен қызметкерлерді жаңа бағытқа жетелей білу;

- Дау-жанжалдарды реттеу: келіспеушіліктерді шешу;

- Жеке өзара қатынастарды нығайту: әлеуметтік байланыстар желісін қолдау мен дамыту;

- Топтық жұмыс пен қызметтестік: басқа қызметкерлермен өзара әрекеттестікте болу мен топ құру.

Д. Гоулман «табысты көшбасшыларда осы айтылған эмоциялық интеллектіні құрайтын төрт құрамдас бөліктердің кем дегенде әрқайсысынан бір-бір дағдыны көруге болатынына біз сенімдіміз», деп жазады (Goleman, 2004). Олай болса, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуы, олардың эмоцияларды түсіну қабілетінің дамуымен тікелей байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының мақсаты жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына тигізетін эмоциялық интеллектінің әсерін зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа мынадай міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады:

1. Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің байланыстылығын қарастырған ғылыми еңбектерге шолу жасау;

2. Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің даму деңгейлерін анықтап алу;

3. Арнайы ұйымдастырылған топтық тренингтіктер мен жаттығулардан кейінгі жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің дамуы мен өзгералы талдаулар жасау;

4. Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектін эксперименттік зерттеу арқылы алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін бағалауда математикалық статистиканың әдістерін қолдану.

Зерттеу жұмысының болжамы:

- Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары, олардың эмоциялық интеллектімен байланысты болып келеді;

- Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына, олардың эмоциялық интеллектін ің дамуы әсер етеді. Осы болжамдарды тексеру үшін біз көшбасшылық пен эмоциялық интеллектінің өзара байланыстылығын зерттеген бірқатар ғалымдардың еңбектерін қарастырды. Эмоциялық интеллектінің құрылымын қарастырған көптеген ғалымдар эмоциялық интеллектінің дамуы тұлғаның көшбасшылық сапаларының қалыптасуына әсер ететінін айтады. Олардың айтуынша эмоциялық интеллекті жоғары деңгейдегі көшбасшылар топтың басқа мүшелеріне қарағанда болған

жағдайды тез ұғынып, оны шешудің тиімді жолдарын көре біледі, тез арада дұрыс шешім қабылдай алады. Сонымен қатар көптеген психологтар тұлғаның эмоциялық интеллектін оқыту процесінде түрлі тренингтер арқылы дамытуға болатынын атап көрсетеді. Сондықтан, біз эмоциялық интеллекті мен тұлғаның көшбасшылық сапаларының маңызды байланысына қатысты осы мәселелерді шешу үшін жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні диагностикалайтын әдісімен, ал олардың көшбасшылық сапаларын Е.С. Федоров, О.В. Еремін, Т.А. Миронова дайындаған «Мен – көшбасшымын» әдісімен зерттедік (Фетискин, 2002). Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін дамыту үшін біз И.Н. Андреева ұсынған бағдарлама бойынша эксперименттік топта тренингтер жүргіздік (*Andreeva, 2011*).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын анықтау мақсатында Е.С. Федоров, О.В. Еремін, Т.А. Миронова жасаған «Мен – көшбасшымын» әдісін жүргіздік. Оның нәтижелері төмендегі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының көрсеткіштері (N=50)

Шкалалар атауы	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	М	σ	М	σ
Түзете білу	11,7	1,3	10,92	1,01
Мақсатты саналы түрде ұғыну	11,4	3,7	12,01	2,03
Мәселені шеше білу	12,25	5,6	13	1,85
Шығармашылық бағыттың болуы	11,68	1,4	12,88	1,85
Айналадағыларға ықпал ету	10,24	1,4	10,6	0,83
Ұйымдастырушылық жұмыстардың ережелерін білу	12,33	0,95	11,54	0,85
Ұйымдастырушылық қаблеті	11,2	1,44	10,72	0,83
Топпен жұмыс істей білу	11,89	1,13	11,7	1,18

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеуге қатысқан эксперименттік және бақылау топтарындағы сыналушылардың көшбасшылық сапаларының көрсеткіштері арасында айтарлықтай алшақтықтар байқалмайды. Өйткені, бұл тест кілтіннің нормасы бойынша көшбасшылық

сапалар дамуының орташа деңгейін көрсетеді. Біз зерттеудің осы топтарындағы сыналушылардың эмоциялық интеллектінің даму деңгейлерін Н. Холлдың эмоциялық интеллектініні диагностикалайтын әдісімен өлшедік. Оның нәтижелері төмендегі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектінің көрсеткіштері (N=50)

Шкалалар атауы	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	М	σ	М	σ
Эмоциялық хабардарлық	8,84	0,8	8,06	0,88
Өз эмоциясын басқара білу	8,04	0,45	8,92	0,35
Өзін-өзі мотивациялау	9,6	0,62	9,48	0,91
Эмпатия	10,92	1,07	10,08	1,07
Басқа адамдардың эмоцияларын түсіне білу	8,12	1,01	8	1,15

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектінің дамуы жеке шкалалар бойынша орташа деңгейді көрсетіп тұр. Біз жоғарыда жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары, олардың эмоциялық интеллектімен байланысты болады деген едік. Оны анықтау үшін корреляциялық талдау әдісін қолдану керек. Корреляциялық әдістер екі тәуелсіз таңдамалар арасындағы қандай да бір тәуелді байланыстардың бар не жоқ екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Егер екі таңдаманың арасында қандай да бір

тәуелді байланыс болса, онда бір көрсеткіштің жоғарылауына байланысты екінші бір көрсеткіштің жоғарылауы (оң корреляцияны) немесе төмендеуін (теріс корреляцияны) анықтауға көмектеседі (Kosonov, 2012). Біз осындай тәуелділік байланыстардың бар екендігін дәлелдеу үшін зерттеуге қатысқан барлық сыналушылардың эмоциялық интеллекті мен көшбасшылық сапалары арасындағы маңызды байланыстарды Браве-Пирсонның r_{xy} корреляция коэффициентімен есептедік (Мещерякова, 2014). Оның нәтижелері төмендегі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте – Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллектінің өзара байланыстылығының көрсеткіштері (n=25)

Шкалалар атауы	Түзете білу	Мақсатты саналы түрде ұғыну	Мәселені шеше білу	Шығармашылық бағыттың болуы	Айналадағыларға ықпал ету	Ұйымдастырушылық жұмыстардың ережелерін білу	Ұйымдастырушылық қабілеті	Топпен жұмыс істей білу
Эмоциялық хабардарлық	0,77	0,79	0,87	0,85	0,83	0,81	0,93	0,84
Өз эмоциясын басқара білу	0,78	0,89	0,90	0,84	0,88	0,92	0,95	0,88
Өзін-өзі мотивациялау	0,80	0,87	0,79	0,84	0,86	0,85	0,91	0,91
Эмпатия	0,87	0,88	0,81	0,87	0,85	0,84	0,89	0,86
Басқа адамдардың эмоцияларын түсіне білу	0,91	0,89	0,83	0,91	0,88	0,83	0,90	0,88

Осы кестеде Н. Холлдың эмоциялық интеллектіні диагностикалау әдісі бойынша алынған нәтижелер мен Е.С. Федоров, О.В. Еремін, Т.А. Миронова дайындаған «Мен – көшбасшымын» әдісі арқылы алынған нәтижелердің арасындағы маңызды корреляциялық байланыстары келтірілген. Бұл үшін Браве-Пирсонның r_{xy} корреляция коэффициентінің кризистік мәндер

кестесінен $n=25$ болғандағы эмпирикалық мәнге жуық болатын санды іздеп табамыз (Kosonov, 2012). Кризистік мәндер кестесінен $n=25$ болғандағы, мәнділігі $p=0,1$ деңгейінде $r_{xy} \geq 0,337$; мәнділігі $p=0,05$ деңгейінде $r_{xy} \geq 0,396$; мәнділігі $p=0,01$ деңгейінде $r_{xy} \geq 0,505$ болуы керек. Осы кестенің барлық шкалалары бойынша көрсеткіштер $p=0,01$ деңгейінде $r_{xy} \geq 0,505$ болып тұр. Бұл жо-

ғары статистикалық мәнділікті білдіреді. Олай болса жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен олардың эмоциялық интеллекті арасында оң корреляциялық байланыстың бар екендігін білдіреді. Мұның өзі жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары, олардың эмоциялық интеллектімен байланысты болып келеді деген біздің болжамымызды растайды.

Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын қалыптастыру үшін ең алдымен олардың эмоциялық интеллектін дамытып алу керек. Ол үшін біз эксперименттік зерттеу тобындағы сыналушылармен И.Н. Андреева ұсынған бағдарлама бойынша жоғары сынып оқушыларына эмоциялық білімдерге қатысты түрлі жаттығу мен топтық тренингтер жүргіз-

дік. Топтық тренингтен соң зерттеуге қатысқан екі топтың сыналушыларын Н. Холлдың әдісімен қайта өлшегенде, эксперименттік топқа қатысқандардың эмоциялық интеллекті алдыңғы 2-кестедегі көрсеткіштермен салыстырғанда кәдімгідей жоғарылады. Оның нәтижелерін төмендегі 4-кестеден көруге болады. Мұнан топтық тренингтен соң эксперименттік топқа қатысқан сыналушылардың эмоциялық интеллекті бойынша барлық шкалалардың көрсеткіштері жоғарылағандығын көреміз. Ал бақылау тобындағы зерттеуге қатысқан сыналушыларда айтарлықтай жоғарылау байқалмайды. Мұның өзі бақылау тобындағы сыналушыларға эмоциялық интеллектінің құрамдас бөліктерін дамытатын топтық тренингтерді жүргізбегендіктен болар деп ойлаймыз.

4-кесте – Топтық тренингтен кейінгі жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектінің көрсеткіштері (N=50)

Шкалалар атауы	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	М	σ	М	σ
Эмоциялық хабардарлық	14,18	0,71	8,76	0,87
Өз эмоциясын басқара білу	14,09	0,10	8,91	0,37
Өзін-өзі мотивациялау	14,91	0,65	9,49	0,93
Эмпатия	15,01	1,09	10,18	1,09
Басқа адамдардың эмоцияларын түсіне білу	146,19	1,03	8,20	1,17

Осыған сәйкес жүргізілген топтық тренингтен соң эксперименттік топтағы сыналушылардың көшбасшылық сапаларының шкалалары да

жоғарылады. Ал бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Оның нәтижелері төмендегі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте – Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының көрсеткіштері (N=50)

Шкалалар атауы	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	М	σ	М	σ
Түзете білу	16,8	1,20	11,91	1,02
Мақсатты саналы түрде ұғыну	17,3	3,50	11,05	2,05
Мәселені шеше білу	16,20	3,11	13	1,87
Шығармашылық бағыттың болуы	16,58	1,25	10,87	1,83
Айналадағыларға ықпал ету	18,23	1,15	11,6	0,89
Ұйымдастырушылық жұмыстардың ережелерін білу	19,35	0,87	11,51	0,83
Ұйымдастырушылық қаблеті	19,31	1,34	11,73	0,81
Топпен жұмыс істей білу	118,85	1,24	11,56	1,19

Осы кестеден көріп отырғанымыздай топтық тренингтен соң жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының дамуы жоғары деңгейді көрсетті. Бұл жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуы олардың эмоциялық интеллектінің дамуымен анықталатындығын білдіреді. Олай болса, мұның өзі жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына, олардың эмоциялық интеллектінің дамуы әсер етеді деген біздің ғылыми болжамымызды дәлелдейді.

Біз жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллекті мен көшбасшылық сапаларының топтық тренингке дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі дамуы мен қалыптасуына салыстырмалы талдаулар жасадық. Топтық тренингтен соң пайда болған өзгерістердің сенімділігін бағалау

үшін біз Манн-Уитнидің U-критерийін пайдаландық (Рунион 2017). Осы критерий бойынша $n_1=25$, $n_2=25$ болғанда, $p<0,01$ деңгейінде көрсеткіштер $U \geq 192$ немесе $p<0,05$ деңгейінде $U \geq 227$ болу керек.

Төмендегі 6-кестеде топтық тренингке дейінгі және одан кейінгі кездердегі жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллекті мен көшбасшылық сапаларының барлық шкалалары бойынша көрсеткіштерінің критикалық мәндері келтірілген. Осы кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеуге қатысқан эксперименттік топтың сыналушыларында эмоциялық интеллекті мен көшбасшылық сапаларының барлық шкалалары бойынша алынған критикалық мәндері ерекшеліктің бар екендігін көрсетеді. Ал бақылау тобындағы сыналушылардан алынған нәтижелер ерекшеліктің бар екендігін растамайды.

6-кесте – Жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллекті мен көшбасшылық сапаларының топтық тренингке дейінгі және одан кейінгі кездегі ерекшеліктері (n=25)

Шкалалар атауы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Эмоциялық хабардарлық	190	229
Өз эмоциясын басқара білу	191	230
Өзін-өзі мотивациялау	189	231
Эмпатия	188	233
Басқа адамдардың эмоцияларын түсіне білу	187	235
Түзете білу	185	237
Мақсатты саналы түрде ұғыну	184	239
Мәселені шеше білу	186	240
Шығармашылық бағыттың болуы	185	251
Айналадағыларға ықпал ету	184	266
Ұйымдастырушылық жұмыстардың ережелерін білу	177	253
Ұйымдастырушылық қаблеті	192	250
Топпен жұмыс істей білу	184	254

Мұның өзі арнайы ұйымдастырылған топтық тренингтер мен жаттығулардан кейін жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары мен эмоциялық интеллекті біршама дамығандығын көрсетеді.

Қорытынды және тұжырымдама

Жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуы, олардың эмоциялық интеллектінің дамуымен байланыс-

ты болатындығын көрсетті. Бұл біздің жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапалары, олардың эмоциялық интеллектімен байланысты, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына, олардың эмоциялық интеллектінің дамуы әсер етеді деген ғылыми болжамдарымызды растайды. Жоғары сынып оқушыларының өз эмоциясы мен өзгелердің эмоциялық күйлерін тани білуі, басқара алуы, өзгелердің қайғысымен бөлісе алуы, олардың топтағы көшбасшылық қызметін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жо-

ғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін оқыту процесінде эмоциялық күйлерді танып білуге бағытталған топтық тренингтермен дамытуға болады.

Сонымен, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларының қалыптасуына тигізетін эмоциялық интеллектінің әсерін эксперименттік зерттеудің нәтижелері мектеп мұғалімдеріне қатысты мынадай практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық сапаларын оқу-тәрбие процесінде қалыптастыру үшін мұғалімдер ең алдымен олардың эмоциялық интеллектінің дамуына баса назар аудару қажет. Бұл үшін гуманитарлық пәндерден сабақ беретін мұғалімдері өз сабағында оқу материалдарындағы кейіпкерлердің эмоциялық күйін оқушыларға ашып көрсетуі қажет;

- жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін оқу-тәрбие процесінде дамыту үшін мұғалімдер эмоциялық күйлердің мәнін ғана емес, олардың мағынасын да ашып көрсетуі маңызды;

- жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін дамытуда ең алдымен олардың эмоциялық күйлердің мағынасын саналы түрде ұғынуы маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, пән мұғалімдерінің оқу материалдарындағы кейіпкерлердің эмоциялық күйлерінің мағынасын ашып көрсетуі жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін дамытуға жасалған маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейде дамуы, олардың көшбасшылық сапаларының қалыптасуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер

Андреева И.Н. Взаимосвязь социальной компетентности и эмоционального интеллекта у подростков // Женщина. Образование. Демократия: материалы 5-ой международной междисциплинарной научно-практической конференции. – 2002. 6–7 ноябрь. – С. 194–196.

Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. – Новополюк: ПГУ, 2011. – 388 с.

Allen S.J., Shankman M.L., Miguel R.F. Emotionally Intelligent Leadership: An Integrative, Process-Oriented Theory of Student Leadership, 2011. – P. 177-203.

Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory: Technical M. Toronto. – Canada: Multy-Health System, 1997.

Bass B. M. Leadership performance beyond expectations/ B. M. Bass. – New York: Free Press, 1985.

Выготский Л.С. Мышление и речь // Психология развития человека. – М.: Эксмо, 2021. – 432 с.

Goleman D., Richard E. Boyatzis, Annie McKee. Primal Leadership: Learning to Lead with Emotional Intelligence. Publisher Harvard Business Press, 2004. – 306 p.

Goleman D. Working with emotional intelligence. – New York: Bantam Books, 1998. – XI. – 383 p.

George G. Emotions and leadership: The role of emotional intelligence/ G. George // Human Relations.- 2000. – Vol. 53. – P. 1027–1055.

Zaccaro S. J. The nature of executive leadership: A conceptual and empirical analysis of success. – С.: American Psychological Association, 2001.

Косанов Б.М. Педагогика мен психологиядағы математикалық өңдеу әдістері. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2012. – 102 б.

Мачнев В.Я., Чердымова Е.И. Социальный и эмоциональный интеллект: монография. – Самара: изд-во Самарского университета, 2022. – С.13.

Мещерякова И.Н. Взаимосвязь эмоционального интеллекта и лидерства // Известия ВГПУ. – 2014. – Т. 262. – №1 (262). – С. 107-110.

Рунион Р. Справочник по непараметрической статистике: современный подход / пер. с англ. Е.3. Демиденко; предисл. Ю. Н. Тюрина. — М.: Финансы и статистика, 1982. – 198 с.

Salovey P., Mayer J.D., Brackett M. Emotional Intelligence: Key readings on the Mayer J. D., Salovey P. Model. Port Chester. – New York: D. Pub., 2004.

Salovey P. Emotional intelligence / P. Salovey, J. D. Mayer // Imagination, Cognition and Personality. – 1990. – № 3. – P. 185–211.

Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. – М.: Изд-во Института Психотерапии, 2002. – 490 с.

References

Andreeva I.N. (2003) Vzaimosvyaz' social'noj kompetentnosti i emocional'nogo intellekta u podrostkov [Interrelation of social competence and emotional intelligence in adolescents]. Woman. Education. Democracy: proceedings of the 5th International Interdisciplinary Scientific and Practical Conference on November 6-7, 2002, pp. 194-196. (In Belorussian)

- Andreeva I. N. (2011) Emocional'nyj intellekt kak fenomen sovremennoj psihologii [Emotional intelligence as a phenomenon of modern psychology]. Belorussia, pp. 388.
- Allen S.J., Shankman M.L., Miguel R.F. (2011) Emotionally Intelligent Leadership: An Integrative, Process-Oriented Theory of Student Leadership, pp. 177-203.
- Bar-On R. (1997) Emotional Intelligence Inventory: Technical Manual. Toronto, Canada: Multy-Health System.
- Bass B. M. (1985) Leadership performance beyond expectations/ B. M. Bass. New York: Free Press.
- Goleman D., Richard E. Boyatzis, Annie McKee. (2004) Primal Leadership: Learning to Lead with Emotional Intelligence. Publisher Harvard Business Press, 306 p.
- Goleman D. (1998) Working with emotional intelligence. New York: Bantam Books, XI, pp. 383.
- George G. (2000) Emotions and leadership: The role of emotional intelligence/ G. George // Human Relations, vol. 53, pp. 1027–1055.
- Kosanov B. M. (2012) Pedagogika men psihologiyadary matematikaluk өңдеу әдістері [Methods of mathematical processing in pedagogy and psychology]. Almaty: KazNPU named after Abai, pp. 102.
- Machnev V.Ya., Cherdymova E.I. (2022) Social'nyj i emocional'nyj intellekt [Social and emotional intelligence]: monograph. Samara: Publishing House of Samara University, pp.13.
- Meshcheryakova I.N. (2014) I.N. Vzajmosvyaz' eiocional'nogo intellekta i liderstva [The relationship between emotional intelligence and leadership]. Proceedings of the VGPU, vol. 262, no 1 (262), pp. 107-110.
- Rooney R. (1982) Handbook of Nonparametric Statistics: Modern approach [Handbook of Nonparametric Statistics: Modern approach] Trans. see E.3. Demidenko, preface by Yu. N. Tyurin. M.: Finance and statistics, pp.15.
- Salovey P., Mayer J.D., Brackett M. (2004) Emotional Intelligence: Key readings on the Mayer J. D., Salovey P. Model. Port Chester. New York: D. Pub., 2004.
- Salovey P. (1990) Emotional intelligence / P. Salovey, J. D. Mayer. *Imagination, Cognition and Personality*, vol. 9, no 3, pp. 185–211.
- Vygotsky L.S. (2021) Myshlenie i rech' [Thinking and speech]. Psychology of human development. Moscow: Eksmo, pp. 432.
- Zaccaro S. J. (2001) The nature of executive leadership: a conceptual and empirical analysis of success/ S. J. Zaccaro, Washington D. C.: American Psychological Association.
- Fetiskin N.P., Kozlov V.V., Manuilov G.M. (2002) Socio-psychological diagnostics of personality development and small groups [Socio-psychological diagnostics of the development of personality and small groups]. M.: Publishing House of the Institute of Psychotherapy, pp. 490.